

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2804 нөмірмен тіркелген " Ұлттық бірыңғай тестілеуді ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 16 наурыздағы N 213 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 373 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 6 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2837

Б ұ й ы р а м ы н :

1. "Ұлттық бірыңғай тестілеуді ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 16 наурыздағы N 213 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2804 нөмірмен тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген ұлттық бірыңғай тестілеуді ұйымдастыру және өткізу ережесінде :

1 6 - т а р м а қ т а :

"30 сәуірге" деген сөздер "15 мамырға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 1 - т а р м а қ т а :

"Бағалаудағы баллдарды ауыстырудың тәртібі мен шкаласын Министрлік белгілейді." деген сөздер "Баллдарды бағаға ауыстыруды МК осы Ереженің қосымшасына сәйкес шкаламен жүргізеді." деген сөздермен ауыстырылсын;

3 2 - т а р м а қ т а :

"ҰБТ көлемінде" деген сөздерден кейін "МК шешіміне сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын ;

осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес қосымшамен толықтырылсын.

2. Білім беруді дамыту стратегиясы және халықаралық ынтымақтастық департаменті (С.Ырсалиев) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр К.Шәмшидиноваға жүктелсін.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

"Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2804 нөмірмен тіркелген "Ұлттық бірыңғай тестілеуді ұйымдастыру

және өткізу ережесін бекіту туралы"  
 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
 министрінің 2004 жылғы 16 наурыздағы  
 N 213 бұйрығына өзгерістер  
 толықтырулар енгізу туралы"  
 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
 министрінің міндетін атқарушының  
 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 373 бұйрығына  
 қосымша

Ұлттық бірыңғай тестілеуді ұйымдастыру  
 және өткізу ережесіне қосымша

**ҰБТ сертификатының баллдарын жалпы орта білім туралы аттестаттың бағаларына  
 ауыстыру шкаласы**

N р/н	Пән	2	3	4 (жақсы)	5 (үздік)
		(қана.	(қана.	(қана.	(қана.
		ғатта.	ғатта.	ғатта.	ғатта.
		нарлық.	нар.	нарлық.	нарлық.
		сыз)	лық)	лық)	лық)
1	Қазақ тілі	0	1-17	18-24	25-30
2	Орыс тілі	0	1-17	18-24	25-30
3	Қазақстан тарихы	0	1-13	14-20	21-30
4	Математика	0	1-9	10-19	20-30
5	Физика	0	1-9	10-19	20-30
6	Химия	0	1-9	10-19	20-30
7	Биология	0	1-12	13-19	20-30
8	География	0	1-14	15-20	21-30
9	Дүниежүзі тарихы	0	1-11	12-19	20-30
10	Орыс әдебиеті	0	1-13	14-19	20-30
11	Қазақ әдебиеті	0	1-13	14-19	20-30
12	Ағылшын тілі	0	1-15	16-24	25-30
13	Неміс тілі	0	1-10	11-19	20-30
14	Француз тілі	0	1-11	12-19	20-30